

---

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

27 мамыр 2015

### 2015 жылдың сәуір айындағы БЖЗК қызметінің қорытындысы

БЖЗК салымшылар (алушылар) үшін интернет қызметтерін дамытуды жалғастыруда.

2015 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қызметті іске қосқан сәттен бастап (2015 жылғы ақпан) e-gov электрондық үкімет порталы арқылы салымшылар (алушылар) инвестициялық табысы қоса есептелген өз зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараты бар 20 000-нан астам үзінді көшірмені алды.

Шамамен 700 000 салымшылар (алушылар) e-mail және БЖЗК веб-сайты арқылы интернет жолымен өз жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпаратты алуда. Осылайша осы жылдың 1 мамырына шамамен 300 000 адам электронды пошта бойынша ЖЗШ-дан ақпаратты алу тәсілін таңдаса, 400 000 адам Қордың веб-сайтынан алу тәсілін таңдады. Сондай-ақ смартфондар мен планшеттер үшін ENPF мобильді қосымшасын жүктеп алудың саны артты. 2015 жылғы 1 мамырға 39 700-ден астам қосымша жүктеп алынған.

Ағымдағы жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша БЖЗК-ның негізгі көрсеткіштері:

- барлық шарт түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны 9 999 064 бірлікті (ай ішінде 12 597 өсті) құрады;
- зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 4,77 трлн. теңгеден асты;
- жыл басынан бастап БЖЗК-ның тапқан және салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-ға үлестірілген инвестициялық табысы 91,33 млрд.теңгені (сәуір үшін өсім 33,08 млрд.теңге) құрады.

БЖЗК-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің сомасы 2015 жылдың 4 айы үшін 55,26 млрд.теңгені, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына аударымдар 5,02 млрд.теңгені құрады.

БЖЗК өңірлік желісінде 240 қызмет көрсету офистері қызмет жасайды. Қордың өңірлік құрылымына әрбір облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда (Алматы және Астана), сонымен қатар облыстық бағыныстағы ірі қалаларда (Жезқазған және Семей) бір-бірден орналасқан 18 филиал кіреді. Филиалдардың жанында, оның ішінде республикамыздың барлық аудан орталықтарында 23 бөлімше және 199 қызмет көрсету орталықтары ашылған.

«БЖЗК» АҚ Баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстары: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)